



15 қараша, **сейсенбі** 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



<https://twitter.com/syrboyi>



t.me/syrboyi_kz

2 Энергия үнемдеу:
Жол картасы бекітілді

3 Зияткер оқушылардың
жобалары

5 Руханиятқа қосылған
қазына

6 Атақ қорғалды:
Алайда...

ПРЕЗИДЕНТ



СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ТАПСЫРДЫ

«Ақорда» резиденциясында 3 мемлекеттің төтенше және өкілетті елшілерінің Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті. Сенім грамоталарын Америка Құрама Штаттарының елшісі Дэниел Розенблум, Сьерра-Леоне Республикасының елшісі Мұхамед Йонгаво және Молдова Республикасының елшісі Лиалин Дарий тапсырды.

Президент дипломаттарды Қазақстандағы ресми миссияларының басталуымен құттықтап, олар өздерінің кәсіби тәжірибелерімен және қажырлы еңбегімен екіжақты ынтымақтастықты дамытуға үлес қосатынына сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев достық және өзара тиімді қарым-

қатынастарды нығайтуға бағытталған бейбіт әрі ашық сыртқы саясат жүргізетінін атап өтті.

Шара соңында Президент дипломаттарға табыс тілеп, олардың мемлекеттерінің басшыларына жүрекжарды сәлемін жолдады.

АҚШ ЕЛШІСІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы АҚШ-тың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дэниел Розенблумді қабылдады.

Кездесуде Президент Қазақстан АҚШ-пен барлық бағытта стратегиялық серіктестікті нығайтуға және кеңейтуге мүдделі екенін жеткізді.

Өз кезегінде Дэниел Розенблум Қазақстан Орталық

Азиядағы сенімді серіктес екенін атап өтіп, АҚШ тарапы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүргізіп жатқан реформаларын толығымен қолдайтынын мәлімдеді.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президентіне көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Режеп Тайип Ердоғанға жолдаған жеделхатында Ыстанбұл қаласындағы жантүршігерлік лаңкестік әрекеттің салдарынан жазықсыз адамдардың құрбан болғаны туралы хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жеткізді.

– Осындай қиын сәтте бауырлас түрік азаматтарының қайғысына шын ниетімізбен

ортақтаса отырып, Сізге және жақындарынан айырылған отбасыларға Қазақстан халқының және жеке өзіміздің атымынан көңіл айтамын, – деп жазылған жеделхатта.

Президент қаза тапқандардың жаны жәннатта болуына және зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

БІЛІМ

ЖЕКЕ МЕН ЖАЛПЫНЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

...«Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепке оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз».

Мемлекет басшысының Жолдауынан.

Заман талабына сай білім беру саласына да көптеген жаңа бастамалар енгізіліп, мұғалімге жүктелген талап пен жауапкершілік ауырлай түсті. Ойлап қарасақ, олай болуы заңды. Өйткені қоғам көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріс үстінде, толассыз ақпарат тасқынының алдын алып, оның қажеттілігі мен қауіптілігін ажырату оңай емес.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Сондықтан оқушы санасын қажетсіз ақпараттардың жаулап алуына жол бермей, білімге деген ынтасын арттыру үшін мұғалімнің үздіксіз шығармашылық ізденісі мен кәсіби шеберлігі қажет. Жасыратыны жоқ, қазіргі бала бесіктен бөлі шықпай-ақ цифрлық технологиядан хабардар, «яғни, өз бетінше смартфонды «сөйлетеді» алады. Осы тұрғыдан алғанда, мұғалімнің кәсіби біліктілігіне қойылатын талап деңгейі әлдеқайда арта түскенін айтпасақта түсінікті шығар.

БҮГІН – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

ТӨЛ ТЕҢГЕНІҢ ТУҒАН КҮНІ



Бүгін Ұлттық валюта – төл теңгеміздің айналымға енгізілген күні. Осыдан тура жиырма тоғыз жыл бұрын 15 қарашада төл теңгеміз айналымға түсті. Бұл күні мемлекеттігіміздің мәртебесі

тағы бір дәлелденіп, абыройымыз асқақтады.

Содан бері бұл – мерейі үстем мереке. Өзінің ұлттық валютасын енгізу Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтуда және дербес дамуында маңызды рөл атқарады. Теңге елдің қаржылық тәуелсіздігінің ажырамас символына айналды.

Сб Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Төл теңгемізді енгізу туралы саяси шешім бір күнде қабылданған жоқ. Тәуелсіздік пен Ұлттық валюта бір-бірінен ажырағысыз ұғымдар екені күн өткен сайын айқындала бастады. Оның үстіне Ресей рублі күнсызданып, қағазға айналды. Тіпті оған деген тәуелділік айналымда қолма-қол ақшаның тапшылығына әкеліп соқтырды.

Ұлттық валютамыздың тарихы 1992 жылдан бастау алады. Сол жылдың көктемінде елімізде Ұлттық валютаны енгізу мүмкіндіктерін саралайтын комиссия құпия түрде өз жұмысын бастаған екен. Бұл комиссия туралы жоғары басшылықтағы бірнеше адамның ғана хабары болды.

Алдымен жаңа валютаның дизайнын жасайтын шығармашылық топ жасқалды. Құпия кеңес ұзаққа созылған талқылаулардан соң Ұлттық валютада

қазақ мемлекеттігін қалыптастырған тарихи тұлғалар бедерленуі тиіс деген шешім қабылдады. Бұл тәуелсіздіктің елең-алаң шағында аса қажетті қадам еді. Сан жылдар бойы сананы езген режимнің темір құрсауы босаған шақта ұлттық мақтаныш сезімін көтеру керек болатын.

Ұлттық валютаның атауы туралы да бірнеше нұсқалар ұсынылды. Олардың қатарында «сом», «акша», «тенге» деген атаулар болды. Қорытындысында комиссия ежелгі Қыпшақ даласында сауда айналымында болған «теңгеге» тоқталды. Оның айналымға енгізілуі тәуелсіз республикамыздың жылнама-сындағы ең маңызды оқиғаның бірі болды. Тәуелсіздікті нығайту үшін, әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізу үшін аса қажетті тарихи қадам осылайша жасалған болатын.

2-бет

СЕССИЯ

ТАЛҚЫЛАУДА САН ТҮРЛІ МӘСЕЛЕ

Кеше облыстық мәслихат депутаты М.Нәлібаевтың төрағалығымен сессия алдындағы тұрақты комиссияның бірлескен отырысы өтті. Жиынға облыстық мәслихат депутаттары, құқық қорғау органдарының және басқарма басшылары қатысты.

Күн тәртібіндегі 2022-2024 жылдарға арналған үшжылдық облыстық бюджетке енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Нұрғали Қордабайдың хабарламасы тыңдалып, аталған мәселе егжей-тегжейлі талқыланды.

Мұнда облыстық мәслихат депутаттары бірқатар ұсыныс-пікірлерін айтты. Мәселен, Б.Махашов су қоймалары туралы және ішкі істер органдарына қаржы бөлу, І.Тілеп Қазалы ауданының көшелеріндегі электр желісін жаңғырту, жарықтандыру, Ж.Ысқақ Жанакорған ауданы орталығындағы «Саяжай-1» учаскесіндегі 300 гектар аумаққа инженерлік-инфрақұрылымдық

желілер орнату және музей мәселесі, Қ.Бисенов мектептердегі әлеуметтік аз қамтылған отбасыдан шыққан балаларды ыстық тамақпен, қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруін қамтамасыз ету, Г.Ескалиева білім саласына байланысты білім беру ұйымдары ғимараттарының шатырларын жөндеуге қаражат қажеттігі, мектепке дейінгі ұйымдарды қосымша қаржыландыру, мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету мәселелерін көтерді.

Сондай-ақ, Т.Шаутай Жансейіт ауылындағы мектеп пен «Жөлектегі» балабақша жайы, О.Төлепов Жосалы кентіндегі орташа және күрделі жөндеу жұмыстары, С.Бихожа мекемелердегі штаттан тыс қызметкерлерді көбейту мен жедел әрекет ету қызметтерін реттеу, Е.Аяғанов Арал ауданындағы тубдиспансерлік ғимаратты реконструкциялау және Сексеуіл кентіндегі аурухана құрылысы, Н.Әмиров медицина колледжіндегі студенттерге қаржы бөлу, Б.Сабырқызы Шиелі ауданындағы 300 орындық мектепке қосымша құрылыс қажеттігі және Енбекші ауылдық

округіне қарасты «Қосүйенкі» елді мекеніндегі ауызсу, М.Нәлібаев Үкіметтің қаулысымен бекітілген мерекелердің шығындарына сәйкес басқарма басшыларына қаражат бөлу мәселелері бойынша ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе облыс әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы облыс әкімі аппарат басшысының орынбасары Ж.Еркінбек хабарлама жасады.

Отырыс соңында ұсынылған мәселелер бойынша шешім жобасын сессия қарауына жіберу туралы бірауыздан қаулы қабылданды.

Мұнан кейін облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясына облыс әкімінің орынбасарлары, құқық қорғау органдарының басшылары және басқарма басшылары қатысты. Сессияға облыстық мәслихат депутаты Т.Жақыпбаев төрағалық етті. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша және депутаттардың ұсыныс-сауалдарына басқарма басшылары тарапынан тиісті жауаптар берілді.

«СБ» ақпарат



Ұлт зиялысы М.Жұмабаевтың «Алты Алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі» деген сөзі жәй ұран емес, ақиқатқа айналғанын уақыт дәлелдеп отыр. Мемлекет тарапынан педагог мәртебесі айқындалып, моральдық және материалдық тұрғыда қолдау аясы кеңейді. Соның бір ғана айғағы, алдағы жылды қосқанда, олардың еңбектері көлемі еселеп көбейеді. Ал енді білім беру бағытына келсек, мұғалім баланы оқыту мен тәрбиелеудің заманауи үрдістерін игере білуі тиіс. Дәлірек айтсақ, білікті әрі бәсекеге қабілетті, заман сұранысына сай маман түрлерінде қалыптасуға мұдделі. Ол үшін сала бойынша көптеген жаңашыл бастамалар енгізіліп, жүйелі жүзеге асырылуы. Жалпы атқарылған жұмыстың нәтижесі оқушының білім сапасымен, сондай-ақ, ғылыми, шығармашылық, өнер

бағытындағы жетістігімен бағаланады.

Біздің бүгінгі талқыға салып отырған тақырыбымыз – жеке мектептер, мамандандырылған білім ошақтары және жалпы білім беретін орта мектептердегі білім берудің айырмашылығы. Бұл жерде айтап-ғымыз, бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін дәстүрлі орта мектептермен қатар, заманауи мектептер және ақылы түрде оқытатын жеке мектептердің болуы да қажет. Бұл туралы аталған білім ошақтарында қызмет етіп жүрген ұстаздардың ой-пікірін сұраған едік.

«Орда School» жеке мектебінің директоры Рауаш Әлиеваның айтуынша, 2017 жылы мектептің іргетасы алғаш қаланған кезде небәрі 180 оқушы болса, бүгінде 0-6 сынып аралығында 2000-ға жуық бала оқиды.

3-бет



ТӨЛ ТЕҢГЕНІҢ ТУҒАН КҮНІ

Қазақстан экономикасы нарықтық қайта құруға бет бұрғанда бұрынғы Кеңес Одағындағы бірыңғай ақша жүйесі тұрақсыз еді. Жас мемлекеттер біртіндеп өздерінің ұлттық валюталарын, уақытша ақша белгілерін енгізе бастады. Рубль аймағында Қазақстан, Өзбекстан, Ресей және Тәжікстан елдері ғана қалды. Жоғарыда айтқанымыздай, республикаға кеңестік рубльдің бақылаусыз көптеп келуі инфляцияның шарықтап өсуіне әкеліп соқты. Төл валютаны енгізу арқылы Ресейдің қаржы институттарына бағыныштылықтан арылу, дербес монетарлық, экономикалық саясатты жүргізу көзделді.

Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссия тұжырымдама дайындады. Бұл құжатта жаңа валютаның енгізілу мерзімі, тәсілі, жаңа валютаны айырбастау пункттеріне жеткізу мәселелері, қолма-қол ақшаны

айырбастау коэффициенті мен лимиттері, валюта бағамын қалыптастыру және басқа да маңызды мәселелер нақтыланды.

Тарихи күн қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев теледидар арқылы халыққа түсіндірме берді. Ақшаның ауысуы жан-жақты ойластырылғанын, елдің бүгінгі және алдағы мүмкіндіктері ескерілгенін атап өтті.

Тенге ресми түрде 1993 жылғы 15 қарашада айналымға енгізілді. Ең бірінші бағамы 1 АҚШ долларына 4,75 тенге болды. Әр тенге 500 рубльге ауыстырылды. Ел ескі ақшаны әл Фараби, Абай, Шокан, Сүйінбай сияқты ұлт мақтаныштары бейнеленген су жана ақшаға айырбастап жатты. Ескі ақшаны қазақстандық теңгеге айырбастау 1993 жылы 15 қарашада сағат 8.00-де басталып, 20 қарашада сағат 20.00-де аяқталды. Қазақ тіліндегі, ұлттық нақыштағы банкноттарды бір-біріне көрсетіп, сүйіншілеген ағайын тәуелсіздікке тәубе айтты. Ендігі міндет

тіпті күрделі еді. Теңгенің құнын жоғалтпай ұстап тұрудың маңызы күннен-күнге арта түсті.

Ұлттық валюта енгізілгеннен кейінгі алғашқы екі жыл еліміздің экономикалық дамуындағы күрделі кезең ретінде сипатталады. Айналымға енгеннен кейін, алғашқы 7 айда теңге 8 есе құнсызданды. Қаржы операциясы теңге арқылы есептелгендіктен, оның бағамы басқа елдердің валютасымен күнбе-күн нақтыланып отырды.

1994 жылы қағаз тиындардың орнына жезден жасалған 2, 5, 10, 20 және 50 номиналды монеталар шықты. Ұлттық валюта банкнот және монета түрінде айналысқа енгізілді. Қазір банкнот – Ұлттық банктің Алматы қаласындағы Банкнот фабрикасында, ал монета – Өскемендегі Монета сарайында шығарылады.

2006 жылы 15 қараша күні Ұлттық валютамыздың жаңа дизайнмен әрленген 200, 500, 1000, 2000, 5000 және 10000 теңгелік банкноттары қолданысқа

жіберілді. Сондай-ақ, теңгенің жаңа нышаны таңдалды. Ұлттық банк бөйге жариялап, ол 2007 жылдың 29 наурызында мәресіне жетті. Нәтижесінде отыз мыңнан астам сурет ішінен Т символы таңдап алынды.

2011 жылдан Ұлттық валютаның төртінші буыны қазақстандықтардың қолына түсе бастады. Теңге сұтанба, қауіпсіздік жіптері, мөлдір терезе, ультратриолет қорғанысы, сериялық нөмірлер, сәйкес кескіндер секілді 17 қорғаныс дәрежесіне ие болып, әлемдегі ең қорғалған валюталар қатарына енді. Сондай-ақ, әлемдегі ең әдемі ақшалардың бірі атанып, үш жыл қатарынан әлемнің үздіктері деп танылды.

Сонымен қатар, 2000 жылдан бастап Қазақстан теңге сарайы мен Ұлттық банк жыл сайын халықаралық байқауларға қатысады. Бүгінге дейін дизайнымен, технологиялық жаңашылдығымен әртүрлі марапаттарға ие болған. Ұлттық теңгеміз ТМД-да тұрақты валюталардың бірі болып отыр.



Аудан жаңалықтары

КЕДЕРГІСІЗ ОРТА КЕРЕК

ҚЫЗЫЛОРДА

Қала әкімі Асылбек Шәменов кезекті аппарат мәжілісінде әлеуметтік салада ұтымды шаралар үйлестіруге тапсырма беріп, мүгедек жандарға қолайлы жағдай жасау, инвентакси қызметтерін күшейту қажетін айтты.

Жиында қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және АХАТ бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаеваның баяндамасы тыңдалды.

Облыс орталығында 10 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тұрады. Оларға кедергісіз орта қалыптастыру үшін биыл 39 нысаныды бейімдеу жоспарланған. Оның 38-і стандартқа сәйкестендіріліп, қалған 1 нысан қысқа дейін бейімделеді.

МӘМС МӘСЕЛЕЛЕРІ

АРАЛ

Аудан әкімдігінде облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Н.Таукеев пен «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының» облыстық филиалы директоры Б.Исмаханбетовтың қатысуымен жиын өтті.

Мамандар Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы ақпараттық-түсіндірме жүргізіп, сақтандырылмаған азаматтар үшін тиімді ақпараттарды бөлісті. Одан соң тұрғындарды жеке қабылдау өткізді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ОҚИТУ

ҚАЗАЛЫ

Аудан әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкіл Р.Тілептің төрағалығымен құқықтық оқыту өткізілді. Оған дербес бөлім басшылары мен кент, қала және ауылдық оқу әкімдері қатысты.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін, сауаттылығын арттыруға бағытталған жиында қатысушылардың ұсыныс-пікірлері тыңдалып, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар жүктелді.

КӨШПЕЛІ КӨРМЕ

ҚАРМАҚШЫ

Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейі ұйымдастыруымен «Төл тарихымыздың айқын дәлелі» тақырыбында музей қорындағы археологиялық экспонаттардан көшпелі көрме өткізілді. Онда Сыр өңіріндегі археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған жәдігерлер көрсетілді.

Көрме Қармақшы ауданы Иіркөл ауылындағы №106 мектептен бастау алып, аудан көлеміндегі басқа да мектептер мен мәдени орындарда көпшілік назарына ұсынылды.

ЕСКЕ АЛУ КЕШІ

ЖАЛАҒАШ

Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде өнер және мәдениет қайраткері Коммуз Бердәулетовті еске алу кеші өтті. Іс-шараға аудан әкімі Асқарбек Есжанов қатысып, қайраткердің тұлғалық келбетіне, шығармашылық өмір жолына тоқталды.

Еске алу кешінде қаламгер шығармашылығына арналған тақырыптық көрме ұйымдастырылып, өмірбаянын арқау еткен шағын көрініс көрсетілді. Аға-інілері, әріптестері мен туысқандары естелік айтты.

ЖАЙДАРЛЫ БӘСЕКЕ

СЫРДАРИЯ

Аудандық жастар ресурстық орталығы, Ақжарма ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен жайдарман сайысы өтті. Бәсекеге аудан командалары қатысып, үш кезең бойынша бақ сынады.

Сайыс қорытындысымен жүлделі I орынды Ақжарма, II орын Бесарық, III орынды Н.Лиясов ауылдық округі мен Теренөзек кенті құрама командасының жастары иеленді.

ТАРТЫСТЫ ТУРНИР

ШИЕЛІ

Соғыс және еңбек ардагері Әбілқасым Палымбетовты еске алуға арналған ардагерлер арасында билярдтан турнир өтті. Турнирді аудан әкімінің орынбасары Болат Смағұлов ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Шиелі ауданының «Құрметті азаматты» Сұлтанбек Оразымбетов құтықтау сөз сөйлеп, турнирге төрелік етті.

Ауданаралық турнирге 16 ардагер қатысып, өзара бақ сынады. Сайыстың қорытынды есебі бойынша I орынмен Ақтай Ақбергенов марапатталды.

ЕҢБЕК АРДАГЕРІН ЕСКЕ АЛДЫ

ЖАНАҚОРҒАН

Қожакент ауылында еңбек ардагері Ерғеш Үсеновті еске алуға арналған қазақ күресінен жасөспірімдер арасында және шағын футболдан облыстық ашық турнир өткізілді. Жарыстың ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі.

Турнирге облыс бойынша 15 команда, 300-ге жуық спортшы, шағын футболдан 12 команда қатысты.

«СБ» ақпарат

САЙЛАУ – 2022



ПРЕЗИДЕНТТІК МАНДАТТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Мемлекет басшысының мандатын талдау – Президент сайлауын талдау секілді маңызды мәселе. Сайлау арқылы Президентке мемлекеттік саясатты жүргізуге рұқсат ұсынылатын жалпыхалықтық мандат беріледі. Бұл тұста сайлаушылар нақты мәселелер бойынша пікірге ие азаматтар екенін ұмытпауымыз керек. Екіншіден, олар кандидаттардың осы мәселелер бойынша ұстанымын біледі. Үшіншіден, сайлаушылар кандидаттардың мәселелер бойынша ұстанымдары негізінде оларға дауыс береді. Сондықтан Президент сайлауының нәтижелерін әдетте қоғамдық пікірдің көрсеткіші деп атауымызға болады.

Мандат – көп мағыналы түсінік. Ғалымдар сайлау мандаттарын сайлаушылардың өздерінің саяси қалаулары туралы ұстанымдарын көрсету үшін дауыстарын пайдалану ниеті ретінде қарастырады. Халықтың сенім мандаты арқылы Президенттер мемлекеттің стратегиялық бағдарламаларын жүзеге асырады. Мандат мемлекеттің идеологиялық саясатын іске асырудың жаңа мүмкіндіктерін береді.

Мандат тұжырымдамасының күрделілігі мен маңыздылығы ғалымдарды бұрыннан мазалайды. Мәселен, американдық саясаттанушы, плюралистік демократия тұжырымдамасының негізін қалаушылардың бірі Роберт Даль өз еңбектерінің бірі «Президенттік мандат теориясының тарихы әлі жазылмаған» деп тұжырымдайды. Демек, Президенттің 7 жылдық мандатын талқылау алдағы уақытта да сарапшылар арасында жалғаса береді.

Көбінесе бір анықтамасы бар біртұтас ұғым ретінде қарастырылатын Президенттік мандат іс жүзінде демократия және Президенттің көшбасшылық туралы жеке идеялармен байланысты бірнеше анықтамаларды қамтиды. Президенттік мандаттың үш аналитикалық анықтамасы бар: плебисцитарлық; сыни сайлау және жауапты тарап. Олардың әрқайсысы өз ерекшеліктерін көрсетеді: өкілдіктің туралығы, сайлау нәтижелерінің шегі және саясаттың айқындығы. Бұл анықтамалардың өз шығу тегі мен интеллектуалдық тарихы бар. Әрқайсысы Президент пен сайлаушылар арасындағы түрлі қарым-қатынасты көрсетеді және заңды Президенттік биліктің негіздері туралы өзгеше жорамалдар ұстанады.

Плебисцитарлық анықтама нұсқасында Президенттің легитимділігі бүкіл электротатпен қарым-қатынастан туындайды. Плебисцитарлық анықтаманың негізгі алғышарты – бүкіл халық

сайлаған Президент шынайы ұлттық ерікті білдіреді. Сыни сайлаудың аналитикалық анықтамасы Президенттер кейбір сайлаулар нәтижесінде белгілі бір критерийлерге сай болғанда ғана саяси легитимдікке ие болады деп болжайды. Президенттік мандаттың сыни сайлау нұсқасы президенттік институт табиғатының сипатына емес, сайлау нәтижесіне баса назар аударады. Жауапты тараптың нұсқасы бойынша Президенттің саяси қайраткер ретіндегі легитимдігі ғана барысында берілген уәделердің анықтығынан және Президенттің қызметке кіркеннен кейін осы уәделерді орындау міндеттемесінен туындайды деп болжайды. Жауапты тарап пен сайлау мандаты арасындағы байланыс интуитивті түрде түсінікті. Сайланатын лауазымды тұлғалар өздерінің нақты саяси міндеттемелері және сайлау науқаны кезінде сайлаушылардың осы міндеттемелерді түсінуі негізінде мандат алуға ұмтылады. Мандаттың бұл нұсқасы плебисцитарлық көшбасшылыққа немесе тек сайлау нәтижелеріне емес, жүргізілетін саясат пен уәделердің орындалуына баса назар аударады.

Әр мемлекетте президенттер сайланатын бір жылдан жеті жылға дейінгі мерзімдер болған және әлі де бар. Президенттің сайланатын мерзімінің ұзақтығы, екі мерзім болсын, біздің жағдайдағы бір мерзім құқықтық саясаттың мәселесі болып табылады. Бір мерзіммен шектеу еліміздің жаңа саяси дәстүрлерін қалыптастырады.

Президент мандатының ұзақтығын 7 жылдық бір мерзіммен шектеу мемлекеттік саясаттың «фискациялық» бағдарын айқындайды деуге негіз бар. Бұл шешімнің Президенттік билікке тигізетін әсері туралы айтатын болсақ, ойға үш түрлі пікір келеді. Біріншіден, елімізде саяси жалпы тәртіп қалыптасады. Президенттің нақты бекітілген бір реттік мандаты президенттік билікті анықтаудың қажетті құрамдас бөлігіне айналады. Екіншіден, заң шығарушы және атқарушы билік арасындағы ынтымақтастық тәжірибесін дамытуға ықпал ете алады. Олардың ынтымақтастығына бірінші мүдделі адам 7 жылға сайланған Президент болуы керек. Үшіншіден, жаңа элитаның ауысуын жеңілдетіп, геронтократияны болдырмауға көмектеседі.

Қазіргі таңда алдағы күндері өткелі жатқан кезектен тыс Президент сайлауына байланысты халық арасында түрлі пікірлер қалыптасқан. Президенттік мандаттың жаңа кезеңін бастағалы жатқан бұл сайлау жан-жақты реформаларды жүзеге асырудың қадамы болмақ.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

САЙЛАУҒА ҚАТЫСЫП, ТАҢДАУ ЖАСА!

Президент сайлауы – ең маңызды саяси науқан. Әрбір сайлау азаматтардың саяси мәдениетін көтеруге мүмкіндік береді. Саяси науқанға қатысу өз таңдауың ғана емес, азаматтық қоғамның дамуына алып келеді. Адамдар өз құқығын қорғауға бет бұрған сайын мемлекет дами береді. Елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы да жақсарады. Сайлау – таңдау жасаудан бұрын, азаматтық құқықтық қатынасты жүзеге асыратын мүмкіндік. Саяси шараға шақырғанда жауапкершілікті сезініп, билік сайлауды таза, әділ өткізетініне сенім білдіру керек.

Сайлауға қатысу арқылы Президентті ғана таңдап қоймаймыз, бұл біздің келісті келешегімізге жасаған нақты қадамымыз болып есептеледі. Әрбір азаматтың өз таңдау құқығы бар. Барша қызылордалықтарды өз конституциялық құқығын пайдаланып, дауыс беруге шақырамын. Қазіргі қоғам белсенді. Халық елде болып жатқан процестерге қызығушылық танытады. Сондықтан алдағы шараға да ел ауызбіршілікпен қатысады деп сенеміз.

«Менің дауысым ештеңе шешпейді» деген сенімсіз ойдың мәні жоқ. Сайлауға қатысып, таңдау жасап, дауыс беру керек. Конституцияға енгізілген соңғы түзетулерге сәйкес, Қазақстан Президенті жеті жылға және бір мерзімге сайланады. Бұл еліміздегі сайлау өткізу әдісі қоғам сұранысына сай бейімделіп жатқанын білдіреді. 20 қарашада өтетін сайлауға халықты белсенді қатысуға шақырамын.

Нұридин ӘМИТОВ,
көпбейінді облыстық аурухананың директоры,
облыстық мәслихат депутаты

БРИФИНГ

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ: Жол картасы бекітілді

Энергияны шекті мөлшерде тұтыну – экономикалық тиімділікке оң әсерін тигізеді. Осыған орай, облыста энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша 2022 жылға арналған жол картасы бекітіліп, тиісті жұмыстар атқарылууда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Қайсар Мұстафаев айтты.

– Биыл облыста көше жарықтандыру шамдарын ауыстыру мақсатында 4 жоба жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта 2 жоба толық аяқталып, 614 энергия үнемдегіш шам орнатылды. Сонымен қатар, осы жылы республикалық бюджеттен бөлінген қаражатқа 15 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізілді. Ал Жанақорған кентінің электр желілерін қайта жаңғырту үшін арнайы қаржы бөлініп, қуаттылығы 10/0,4 кв болатын электр желілеріне жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Нақты кезеңде басқарма «Алматы проект энергострой» ЖШС-мен Шиелі кентіндегі электр станциясын қайта жандандыру туралы жоба-сметалық құжаттама әзірлеуде, – деді ол.

– Біздің мекеменің басты міндеті – облыс тұрғындарын үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету. 2020 жылы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша аудит жүргізілген болатын. Осыған сәйкес, 2026 жылға дейін арнайы жоспар бекітілді. Бүгінде «Қызылорда электр тарату тораптары» компаниясы 11,95 кабельдік желілерінің 90 пайызы жөндеуден өтсе, мекемеге соңғы заманауи вакуумдік ажыратқыштар орнатылды, – деді «Қызылорда электр тарату тораптары» АҚ Даму жөніндегі басқарушы директорының міндетін атқарушы Нұржан Күздібаев.

«СБ» ақпарат

2022 жылға арналған Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы басшылығының азаматтарды қабылдау кестесі

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты
1	Исмағұлов Талғат Абдулхамисұлы	Басқарма басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні 16:00-18:00
2	Ілкібаев Ғалымжан Маратұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның жұма күні 16:00-18:00
3	Баймаханов Дастан Бахытұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның бейсенбі күні 16:00-18:00

Жеке мен жалпының айырмашылығы неде?

– Әрине, біз үшін сан емес, сапа маңызды. Дегенмен бұл көрсеткіштің өзі мектебіміздің білім бәсекесіндегі өзіндік орнын айғақтап тұрғандай. Мектебімізде нормативтік талаптарға сәйкес оқу үдерісін жүргізуге материалдық-техникалық база жеткілікті. Атап айтқанда, 47 сынып кабинеті заманауи талаптарға сай жабдықталған. Мұғалімдердің инновациялық оқыту тәсілдерін еш кедергісіз, еркін пайдалануы үшін барлық сыныпта интерактивті тақталар іске қосылған. Сондай-ақ, бүгінгі білім бәсекесінің негізгі өзегіне айналған робототехника кабинеті, 5 спорт залы, би және акт залы, бассейн, 500 орындық асхана – білім алушының жан-жақты дамуы мен салауатты өмір салтына бейімделуіне лайықты мүмкіндік. Осылайша баланың білім сауаттылығын көтерумен бірге, шығармашылық қабілетінің де жетілуіне барынша мән беріледі. Оқушылар бос уақытын тиімді пайдаланып, өз қалауы бойынша домбыра, шахмат, дзюдо, сурет, би, тэквондо, үйірмелеріне қатысады. Осы жана оқу тоқсанынан бастап, каратэ, скрипка үйірмелері ашылды. Талантты, қабілетті балалар түрлі республикалық, халықаралық конкурстарда бақ сынап, топ жарып жүр.

Әсіресе, оқушылардың робототехникаға деген қызығушылығы ерекше. Олардың арасынан болашақ нағыз IT мамандары шықпаса кім кепі?! – дейді мектеп директоры.

Білуімізше, мұнда балалардың 3 тілде тереңдетілген, жаңа бағдарлама негізінде білім алуына таңнан кешке дейін жұмыс жасайтын педагогикалық ұжымның еңбегі зор. Қазір мектепте 180-нен астам мұғалім қызмет жасауда. Олардың қатарында 30 педагог-модератор, 15 педагогика ғылымдарының магистрі, 10 педагог-сарапшы, 8 педагог-зерттеуші, 2 спорт шебері бар. Осындай іріктелген мұғалімнің алдынан шыққан оқушының білімі неге төмен болуы тиіс? Олар түске дейін математика, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілдерінен сабақ өтсе, түстен кейінгі ауысымда аталған пәндер бойынша тереңдетілген сабақтарға қатысады екен.

Өткен 2021-2022 оқу жылында халықтың сұранысы ескеріле келе, «Сол жағалау» ықшам ауданындағы мектеп жанынан тегін білім беретін жаңа бір білім ұясы есік ашқан. Сол жердегі тұрғындардың әлеуметтік жағдайы ескеріліп, балалар мектепке ешқандай ақысыз қабылданған. Бұған ата-аналардың алғысы бір бөлек. Осындай игілікті іс биыл да жалғасын тауып, «Орда School» жеке мектебінің төртінші білім ұясы «Сабалак» елді мекенінен бой көтерді. Бүгінде 400 орындық заманауи мектепте балалардың тегін білім алуына бар жағдай жасалған.

– «Орда School» жеке мектебінің жалпы мектептерден айырмашылығы оқу процесінде



жаңартылған білім беру бағдарламасымен қоса дәстүрлі оқытудың озық үлгілерін тиімді пайдаланады. Оқушылардың білім деңгейін бақылау мақсатында алынатын БЖБ, ТЖБ-мен қоса, дәстүрлі форматтағы диктант, бақылау жұмыстарын алып, ай сайын рейтингі шығарылып отырады. Сондай-ақ, «Достық» білім беру орталығымен байланысып, 4,5,6 сынып оқушыларынан барлық пән бойынша сынама тест алынады. Балалар сабақтан тыс ұстаздарымен бірге түрлі байқауларға әзірленеді, ой-өрісін дамытатын дидактикалық ойындармен шұғылданады, орталық кітапхана, облыстық музей, драма театр сынды мәдени орындарға экскурсия жасап, таным көкжиегін кеңейтеді. Осылайша, біздің балалар үйлеріне сөмке емес, білім арқалап қайтып жүр, – дейді мектеп директоры.

С.Толыбеков атындағы IT мектеп-лицейінің мұғалімі Ерженіс Әбдиевтің айтқан ойлары да көңілге өте қонымды.

– Интеллектуалды білім беру ұйымдарының жалпы мектептерден айырмашылығы, оларда материалдық база мықты, ақпараттық технологияны игеру қолжетімді. Сонымен бірге, республикалық, халықаралық олимпиадаларға, ғылыми жобаларға дайындауға арнайы сағаттар бөлінген. Өнер, шығармашылық, спорт, еңбек сияқты үйірмелер бойынша баланың қосымша қабілетін ашуға мүмкіндік бар. Мысалы, облыстағы №4 дарынды балалар мектеп-лицейі, Білім-инновация лицейі, Назарбаев зияткерлік мектебі туралы айтар болсақ, бұл мектептерге жалпы мектептерде 7 сыныпқа дейін үздік оқып келген оқушылар қабылданады. Ал үздік, дарынды оқушыны әрі қарай дамыту аса қиындық тудырмайды. Дегенмен жоғары сыныптарда ҰБТ сынағына дайындап, болашақ мамандығына бағыттау мәселесіне келсек, дарынды оқушыға арнайы көңіл бөліп, одан әрі қабілетін ашудың маңызы бар. Өз

ісіне шын берілген ұстаз осындай ізденісі мол жұмыстардан шабыт алып, шығармашылық әлеуеті ұлғая түседі.

Быылғы Жолдауында Президент айтқандай, алдағы уақытта заманауи мектептердің қатары көбейсе, яғни, жалпы мектептердің материалдық-техникалық жабдықталуы толық қамтамасыз етілсе, бәсекеге қабілеті артатыны сөзсіз, – дейді ол.

Қаладағы №235 орта мектеп директоры Роза Жадиева жалпы орта мектеп пен арнайы немесе интеллектуалды мектептердің көрсеткіштерін салыстыруға келмейтінін айтады. Оған себеп: интеллектуалды мектептерде бағытына қарай білім беру бағдарламасындағы жалпы пәндерден бөлек, кей пәндерді тереңдетіп оқытуға басымдық беріледі. Сонымен қатар, таңдалған арнайы бағытқа білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы лайықтандырылады. Ол сәйкестендіру арнаулы оқушылардан басталады. Тағы бір себеп, интеллектуалды немесе арнайы мектептерге оқушылар көбінесе 7-сыныптан қабылданады, оған дейін олар жалпы мектепте фундаментальді білім алып, өз қалауына сәйкес білім беру ұйымдарына таңдау жасайды, осылайша білімін дамытады. Сондай-ақ, ондай мектептерге жұмысқа қабылданатын педагог-оқытушылардың да негізгі бағыттарына сәйкес әдіскерлік, ізденушілік мүмкіндіктері үлкен сараптаудан өтеді.

Ал жалпы мектептерде баланың мүмкіндіктерін танып, оның тынысын ашу жолға қойылғанымен, жекелеген бағытта білім беру мүмкіндігі бола бермейді. Сол үшін де мұндай мектептер жалпы білім беру ұйымы деп аталады. Жеке мектептердің де мемлекеттік мектептерден айырмашылығы шамалы, тіпті бірдей десек те болады. Себебі, қос білім беру ұйымына да оқушыға міндетті оқу бағдарламасын сіңіру міндеттемесі жүктелген.

Біздің білім беру ұйымдарының жұмысы бәсекестік орта құруға негізделген. Болашақта балалар оқығысы келетін мектепті өзі таңдайтын болады. Сол үшін де біздер интеллектуалды, арнайы мектептердің тәжірибесін терең зерделеуге тырысамыз.

Президент Жолдауында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының жүзеге асатынын, сонымен бірге, Үкімет тарапынан оған көлемді қолдаулардың көрсетілетінін атап өтті. Демек келешекте барлық жалпы білім беретін білім беру ұйымдарының мүмкіндіктерін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, оқушы қауіпсіздігін ең жоғары межеде қамтамасыз ету, сонымен бірге, кеңес дәуірінен бері жұмыс істеп келе жатқан мектептер болсын, жаңа пайдалануға берілген мектептер болсын, барлығының мүмкіндіктерін теңестіруге ден қойылады деген сөз. Қазір барлығымыздың алдымызда дамудың жаңа кезеңдеріне, толқындарына ілесу жауапкершілігі тұр. Сол жолда «жайлы мектеп» жобасы үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Өзірге пилоттық ретінде басталған жобаға қазірдің өзінде өңірімізден бірнеше мектеп қамтылып тұр, бұл бастама білім сапасына айтарлықтай ықпал етері сөзсіз, – дейді Р.Жадиева.

Жоғарыда айтылған пікірлерге қарасақ, жеке мектеп болсын, жалпы мектеп болсын, ұстаздар қауымы баланы оқыту үшін бар күш-жігерін аянып қалмайды. Бәрінің оқитын оқулықтары да бір. Дегенмен, бұл мектептердің айырмашылығы материалдық-техникалық базаның жабдықталуына байланысты екені айқын аңғарылып тұр. Екінші бір артықшылығы, бағытына қарай кейбір пәндерді тереңдетіп оқытуға және олимпиадаларға дайындауға арнайы сағаттар бөлінісінің де әсері бар сияқты. Сонымен қатар, жоғары санатты, тәжірибесі мол, білікті ұстаздар да осындай мектептерде еңбек еткенді қалайды. Расында, кейде жұмыс барысымен әлгіндей, заманауи жабдықталған мектептерге барғанда еріксіз қызығамыз. «Барлық бала осындай мектепте оқыса ғой, шіркін» дейміз іштей. Осы тұста тағы бір басы ашық жайт, оқу үлгерімі төмен балалардың көбіне назардан тыс қалатыны. Ол баланың білім деңгейі төмен болғанымен, өнерге құштарлығы, спортқа немесе еңбекке бейімділігі болуы әбден мүмкін. Сондықтан жалпы мектептерде осы бағыттағы жұмыс күшейе түссе дейміз.

Жолдауда 2025 жылға қарай 800 мың баланың заманауи мектептерде оқуына жағдай жасалатыны айтылды. Осылайша апатты жағдайдағы және үш ауысымды мектептер мәселесін түбегейлі шешіп, сондай-ақ, ауыл мен қала мектептерінің айырмашылығын азайтуға басымдық берілген. Егер осы аталған жұмыстар сапалы жүзеге асырылған жағдайда білім сапасының ел ішінде ғана емес, халықаралық деңгейде бәсекеге лайық болатынына сенім артамыз.

БӘРЕКЕЛДІ!



Зияткер оқушылардың жобалары

Қызылордалық зияткерлердің егін шаруашылығын цифрландыру жұмыстары республикалық додада үздік деп танылды.

Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы»

Кейінгі жылдары Сыр өңірінде су тапшылығы өте өзекті. Осы ретте қызылордалық оқушылар үнемдеудің тың әдістерін ойлап тапты. Оны жүзеге асыру үшін арнайы құрылғы құрастырған. Бүгінде егін алқаптарында жаңбырлатып суару технологиялары пайдаланылады. Бірақ ол адамдардың қатысуымен жүзеге асады.

10-сыныпта оқитын Сәния мен Жансая жаңбырлатып суару технологиясын толықтай автоматтандыруға болатынын дәлелдеп отыр.

Олар бұл ойын шағын макет ретіндегі құрылғыға айналыдырып, оны тәжірибеден өткізуде.

– Бұл жобада біз 3 түрлі бақылағышты, яғни ылғалдылықты анықтайтын, күн сәулесінің түсуін қадағалайтын және ауа температурасын есептейтін құрылғының бірлесіп жұмыс жасау үшін арнайы құрылғы орнатқан болатынбыз. Осы жоба сыртқы факторларды ескере отырып, жұмыс жасайды да, өсімдікке қолайлы жағдай туындаған кезде ғана конвейер іске қосылады, – дейді Сәния Мұратова.

Республикалық байқауда үздіктер қатарынан көрінген бұл жоба арқылы егін алқаптарына кететін судың көлемін 30%-ға дейін үнемдеуге болады дейді жас ізденушілер. Сәния мен Жансая енді бұл құрылғыны үлкен көлемде құрастырып, мектеп ауласында егілетін дақылды суаруға сынап көруді жоспарлап отыр. Осылайша халықаралық байқауларда бақ сынауға ниетті.

Ал 11-сынып оқушысы Еңлік Мұратбек пен Назгүл Ыдырыс егін алқаптарының өнімділігін бақылау және өнім көлемін болжау технологиясын ойлап тапты. Бұл автоматты жүйе егіншілердің жұмысын оңтайландырып, өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

– Автоматты қондырғымыз топырақ пен ауа температурасын анықтап, судың мөлшері бойынша ақпарат жинауға мүмкіндік береді. Бұл мәліметтерді радио арқылы қабылдағышқа жеткізеді, – дейді жоба жетекшісі, информатика пәнінің мұғалімі Әділжан Науан.

Мал шаруашылығын цифрландыру бағытында тың идеяларымен үздік танылған Нұрдулет Әділбек пен Аружан Мұхамбетия ауланы тазарту, қалдықтарды нығыздау, жемді ұнтақтау және тарату қызметтерін адам басқаруынсыз автоматты түрде орындайтын бағдарлама ойлап тапты.

Еліміздің түкпір-түкпірінен 150-ге жуық жоба авторлары бігірге түскен сайыста сырбойылық зияткерлер IT саласы, қоршаған ортаны қорғау, техника, механика, қолданбалы математика және «Туған елге тағзым» бағытында өнертабыстарын таныстырып, сегіз жүлделі орынға ие болды.

Еуропаның болашағы ауа райына байланысты, яғни, экономикалық, саяси және әлеуметтік дағдарыстардың алдағы алты айда қалай өзгеретініне қыстың суық немесе жылы болуы тікелей әсер етеді. Қарашаның басында экономист, тарихшы, Колумбия университетінің профессоры Адам Туз айтқан бұл болжам әлемдік БАҚ-та қызу талқыланды.

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Оның айтуынша, Ресей мен Украина қақтығысы кесірінен Еуропа жеткізілетін газдың үштен бірін жоғалтты. Еуропаның көп бөлігі, Германия мен Италия, әсіресе бұрынғы Кеңес Одағы елдері Ресей газына тәуелді. Оған қоса, келер жылы және жақын болашақта газ бағасы барберыне 200 доллар көлемінде сақталады. Бұл – дағдарысқа дейінгі деңгейден шамамен 8 есе жоғары. Газ жеткізудің бұрынғы каналдарын қалпына келтірудің келешегі жоқ. Сондықтан, алдағы қыс жылы болмаса, болжам бұлыңғыр.

Сондай-ақ, Адам Туз өз сайтында әлемде болуы мүмкін дағдарыстар туралы жазба жариялады. Онда келесі 6-18 айда болуы мүмкін макроэкономикалық тәуекелдер кесте түрінде келтірілген. Автор энергетика және азық-түлік нарықтарындағы шиеленіс өткен жылдың

басында-ақ айқын болғанын айтады. 2021 жылы азық-түлік бағасы көтеріліп, энергетика нарығы күйзеліске ұшырады. Украинадағы соғыс сол шиеленісті күшейтті.

Ал 2023 жылдың басында COVID-тің ең заманауи вакциналардың өзіне төзімді жаңа түрі пайда болуы мүмкін. Оған қоса, Украинадағы соғыста ядролық қаруды белсенді қолдануға көшу қаупі бар. Энергияға жоғары сұраныс салдарынан қазба отын тұтыну көлемі де артады. Бұл – әлемді күтетін ең ықтимал дағдарыстар.

Түздың айтуынша, олардың әрбірі әлемдегі жағдайды түбегейлі өзгерте алады. Айталық, COVID-тің өлімге әкелетін жаңа штамы Қытайда локдаунның жаңа толқынын тудырса, салдарынан тауар нарығы күйреп, мұнай мен темір сияқты тауарлардың бағасы төмендейді. Жаһандық азық-түлік дағдарысы туралы

Әлемді қандай дағдарыс күтіп тұр?



болжам да қорқынышты болып көрінеді және қалыптасқан жағдайды ушықтырады. Дегенмен, аштық табысы төмен елдердегі кедейлер мен сайлау құқығынан айырылғандарға қатты әсер етеді.

Жалпы, әлем жылдамы өзгеруде. Пандемия, құрғақшылық, су тасқыны, дала өрттері, үшінші дүниежүзілік соғыс қаупі секілді дағдарыстарға құлағымыз тез үйренді. Күні кеше мүмкін еместей көрінген нәрселер қазір шындыққа айналды.

Қазіргі бір-бірімен тоғысқан экономикалық және басқа да сілкіністер кезеңінде поликризис терминінің айрықша танымал болуы таңғаларлық емес. Біз шешімін табуға қауқарсыз әрбір мәселе дағдарысқа айналады. Ал поликризис кезінде дағдарыстарды жекелей емес, тұтас қарастыруға жөн.

Алғаш «поликризис» терминін 1990-жылдары француз теоретигі Эдгар Морин қолданған екен. Морин 1970-жылдардың басындағы экологиялық алаңдау-

шылықтан қоғамдық санада жаһандық тәуекелдің жаңа түрі туралы ұғым пайда болды деген тұжырым жасаған. Бірақ бұл біз үнемі поликризис жағдайында өмір сүріп келеміз деген сөз емес.

Ұзаққа созылған дағдарыс, жаһан экономикасының қорынакризис салдарын сол бойы еңсере алмауы, Ресей–Украина қарулы жанжалы, санкциялық шайқастар адамзаттың ахуалын тұралағыт-ақ тұр. Ал Пекин мен Вашингтон жаңа қырғы-қабақ соғыс қарсаңында.

Бірақ, кейінгі 15 жылдағы дағдарыстардың барлығын бір себепке және кеңейтілген түрде бір шешімге нұсқау қысыңсыз.

1980-жылдары нарық экономиканы тиімді басқаруды, өсімді қамтамасыз етеді, және дауларды шешеді, саяси «қырғы-қабақ соғыста» жеңеді деген сенім болды. Ал бүгінде жағдай басқаша. Қазіргі өзгерістердің жылдамдығы таңғалдырады. Әлем демократияның нәзік екенін, тұрақты даму үшін қайшылықты индустриялық саясат қажет екенін түсінді.

1970-жылдардың басында

әлем халқы қазіргі санының жартысынан да аз, ал Қытай мен Үндістан өте кедей елдер болатын. Бүгінгі әлем жаһандық жалпы ішкі өнімді 90 триллион долларға жеткізген, 12 705 дана ядролық қарудың жиынтық арсеналы бар және кедейлікті жоюдың ұзақ жолынан өткен қуатты мемлекеттерден тұрады. Сондықтан болашақ проблемаларды 50 жыл бұрынғымен салыстыруға болмайды.

Адам Туз алда осындай ұзаққа созылатын дағдарыс кезеңі тұрғанын айтады. Бірақ, бұл адамзат тағдыры шешілер ең қиын кезең емес. Экономист тарих импровизация, инновация және реформалар арқылы бұл дағдарыс та бір кездері прогресс тарихына айналды деген пікірде. Адамзат бұған дейін де қаншама індеттерге қарсы вакцина ойлап тапты. Өткен ғасырдағы ядролық соғыс қаупінен де аман өтті. Ал инновациялар алдағы экологиялық дағдарыстарды жеңуге мүмкіндік береді. Дегенмен, әлем алдында тәуекелді және шиеленіске толы кезең тұрғаны анық.



Бейнебақылау құрылғысы шетелдік сапалы дүние болса керек, жазба анық екен. Міне, Токтаровтың үй алдындағы автотұраққа келіп, машинадан түскен сәті, машинаның келесі есігінен көңілдесі түсті. Жүрісінен аңғарылары сәл масаңдау сияқты. Еркек машина есігін пультпен жабамын деп кідірген тұста ол төңірекке көз салып, бейнекамераға тура қарай қалған. Ажарлы-ақ екен. Екеуі қолтықтасып бірінші подъезге бет алды. Міне, такси келіп, екінші подъезге тоқтады. Барлығы тура Марланның айтқанындай. Олар үйге кірген соң такси кетіп қалды. Бір сағаттай уақыт өте Токтаровтың машинасы жанына ақ түсті «Ланд Крузер Прадо» автокөлігі келіп тоқтады. Мемлекеттік нөміріне дейін көрініп тұр. Одан түскен еркек пен әйел де бірінші подъезге беттеді. Жарты сағаттан соң әлгілер оралған үлкен кілемді әкеліп, көлік жүк салғышына салды да, жүріп кетті.

Жігіттер оята кетті. Тыныштықты Бек бұзды. – Әлгі «Джиптің» біздің іске қатысы бар сияқты. Оның ауладан кеткен уақыты мен сараптамадағы мәйітке қатысты өлу уақыты шамалас. – Дұрыс. Ғазиз сәл ойланып қалды да: – Жігіттер бұл туралы ешкімге... Сендер записьті көрген жоқсындар. Түсінікті ме? – Түсінікті.

– Егер біреуімізден сөз шықса, онда тізбектеле беріміз жауап береміз. Сондықтан сәк болындар. Жаксы... Жұмысқа барып, бастықтардың көзіне түсіп, көрінгендерің дұрыс. Олардың да барлығы бірдей емес, штерінде нағыз азаматтар да бар. Қырттар да аз емес...

Олар кетісімен Ғазиз Бекке қарап бір уақ үнсіз қалды. Со-сын шылымын шиырып біраз отырды да әңгімеге оралды. – Бек! Жанағы видеодағыны мен таныдым. Ол бұрын осында прокуратурада істеген, кейін сотқа ауысты, қазір өзге қалада сот, марқұм Токтаровтың қайын ағасы, оны прокуратураға апарып жүрген де осы. Қасындағы Токтаровтың әйелі. Түн ішінде ағалы-қарындасты-лар неғып жүр, қайдан келді, көтеріп шыққан үлкен кілемі несі? Егер олардың бұл іске қатысы болса, онда бізге өте киын соғатын сияқты. Сенгім келмесе де, осылар бірдеме бүлдірді-ау деп ойлаймын. Жүрегім сезеді... Нәлет-ай, адам азды ма, заман азды ма?! Қазір тіпті шошисың ғой адамдар әрекеттен... Өзін өртеу, туған ба-ласын туалетке тастап жіберу, өзіне-өзі қол салу, кісі өлтіру

деген тауық сойғаннан да жеңіл болып кеткен сияқты ма? Тіпті, туысын, туған бауырын, әкешешесін өлімге қиғандар да кездесуде. Ай... Алла-ай...

*** Бек пен Ғазиз тағы да бұрынғы потерде бас қосты. – Ғазеке! Іс өзін-өзі қол салу емес, кісі қолынан болған өлім бағытына бұрылды. Енді тездетіп қылмыскер құтылып кете алмайтындай жағдайда әрекет етуіміз қажет. Беделді, дүмді адамдардың араласуы да мүмкін. Осы іске кірскенде мұны сөздік және барлығына дайын болдық қой. Басшылар әзірге мұнымен тек мен ғана айналысып жүр деген ойда. Мейрамханадағылар әлгі қаладан іздеушілер жіберген сурет Еркенікі деп танып отыр. Қырық күнге таяп қалды. Сонда ол қайда кетті? Бұл жерде бір емес, екі адамның өлімі болған сияқты.

– Иә. Мен де біраз жайтты анықтадым. Осыдан екі күн бұрын Токтаровтың үй жағын шола өтейінші деп бара қалмаймын ба?! Подъезден бір әйел шығып келеді екен, көзі қызарған, жылағанын көрініп тұр. Аз айтып, көп айтып не керек, қатарласа жүріп әңгімеге тарттым. Сөйтсем... Токтаровтың әйелінің жөнгесі екен, ауданнан келіпті. Пай-пой, бір сөзуар жан екен, біраз дүниені актарып салды. Жалпы картина ашылуға жақын сияқты. Мына әйел екі-үш күнде қайын сіңісіне келіп-кетіп тұрады екен, анаған жаны ашып: «Есі ауып кетпесе болар еді, адамға мәңгіріп қарайды да отырады», – дейді. Бұлар жылда осы уақытта әкешешелеріне ас беріп, құран оқытады екен. Судья қайнысы, осындағы қайын сіңісі өткенде соған қатысыпты, марқұм күйеу балаларының жұмыстан қолы тимепті. Ал оның әкесі туған құда ғой, бірнеше адам болып басқа машинамен барыпты. Ас тарағасын ағасы мен қарындасы құдалардан біраз кеш шыққан көрінеді. Олардың ауданнан шыққан уақыты мен қалаға жету уақытын есептесек, тура ана видеозапистегі уақытқа келіп тұр. Мен байқатпай барлығын сотканың диктофонына жазып алдым. Енді алғашқы хаттамада бұлар Жиделісайға қонып, ертенгісін келдік дегенін анықтау керек.

– Мен алғаш шақыртумен барған топ Токтаровтың потерін толық зерттемеді-ау деген ой-дан арыла алмай жүрмін. Бір талып, бір жылап әйелі отырса, түнеріп судья жүрсе, қайғыға батып ветеран-полковник тұрса қалай толық қарай алады. Сол

пәтерді қайта қарауға рұқсат алатын шығармын. Оның үстіне мәйіттің іші мен арқасындағы іздерді біздің жігіттер құлаған кезде сырылғаннан деп таныпты, сол негізі тырнақ іздері болуы да мүмкін, маған солай көрініп тұр. Мен осыны тағы бір ақылдасайын сарапшылармен. Сосын дабыра қылмай Жиделісайға барып келу керек шығар. Алғашқы жауаптарында ағалы-қарындасты екеуі де ауданнан шыққасын Жиделісайға кеттік дейді. Ал уақыт сәйкес келмейді. Олардың сонда қонақ болса неге қолға апа-жезделерімен бірге шықпаған? Бұлар неге ол ауылға бөлек барады?

– Оның қажеті бола қоймас. Жұртты шулатпай-ақ қоялық. Екі күннен соң Токтаровтың қырқы екен, жанағы әйелден есіттім. Ожақтағылар соған келуі тиіс. Сол кезде анықтаймыз. Әлгі өзге облыстан келген қонақ та, әлгі Токтаровтың қайнағасы Бейсенбаевты айтамын, ол да қайтпапты. Еңбек демалысында екен, күнде тойлатып жүр. Күйеу баласының қырқынан кейін қайтпақ шамас... Сонан соң, әлгі қайта қарау керек дегеніңе қосыламын. Қазак салты бойынша өлік шыққан үйді қырқына дейін тазалап, қағып-сілкімейді. Ас өту бойынша кірскен дұрыс болар, одан кешіксек көп нәрседен айрылып қалуымыз мүмкін.

Осы келісімге тоқтаған екеуі Токтаровтың асынан кейін Жиделісайдан келген оның үлкен бажасымен де, қайынбікесімен де кездесіп, жауаптарын хаттамаға түсірді. Олардан бұл туралы жарияламауға келіскен соң Бек барлығын ой елегінен тағы бір өткізді. «Апырай, бағыт бұлай бұрылар деп кім ойлаған? Әлгілердің айтуы бойынша ағалы-қарындасты екеуі олар жатып қалғасын барыпты. Шамамен түнгі он екілерде. Егер Токтаровтың өлген уақытымен бұларға Жиделісайға дейін кететін уақытты салыстыра қараса сәл ғана, он бес минуттай айырмашылық қана шығады. Тездету керек енді».

Сол күні түс ауа ол әлгі үйді қайта қарауға қалай рұқсат аламын деп ойлана бастыққа кірмек болып тұрғанда қабылдау бөлмесінде Токтаровтың әкесі жолыға кетті. Ардагер жүзіндегі әжімдер терендей түскен, ұйқысыз талай таңды атырғаны көзінен аңғарылады. Мұны танытынын аңғартты. Екеуі қабылда күтіп қатар отырды. Ақсақал баяу, бірақ зілді үнмен тіл қатты: «Іс не болып жатыр? Бек онымен онаша сөйлеспек ойын ыммен аңғартып, екеуі ко-

ридорға шыққан кезде ардагерге өлімнің кісі қолынан болуы мүмкіндігін баян етті. Бұрын тергеу, қылмысты іздестіру саласында көп жыл қызмет атқарған тәжірибелі адам бірден түсінді.

– Осы туралы зам по следствиен білейін деп келген едім. Енді оған кірудің қажеті болмай қалды.

– Мен сол кісіден балаңыздың үйін қайта қарауға рұқсат алғалы келіп едім.

– Рұқсаттың қажеті жоқ. Ол үй менің атымда. Қазір кіші баламен бірге тұрғанмен бұл үйге фактический қожайын менмін. Мен беремін рұқсатты. Құрал-жабдыктарыңды дайында да келе бер. Мен сол үйде боламын.

Бек істің сәті түскеніне қуана өз кабинетіне қарай беттеді. Ойын бір қорытып, марқұмның үйіне барғандағы жұмысты да жоспарлап қоймақ. Шіркін, сол үйден айғақ табылса ғой. Өзінің ішкі ойы – мәйіт құлаған жердегі қанның аз болуы ол пәтер ішінде өлген дегенге саяды...

*** Бұларға есікті ардагердің өзі ашты. Залдағы диванда отырған қаралы киімдегі келіннің бұларды жақтырмағаны қабағынан аңғарылады. Бек залға кіргеннен-ақ оқиғаның бұл жерде болмағанын түсінді, себебі, оның терезесі лоджияға шығатын және ол аула бетте еді. Ал, бұған керекі келесі көше бетке қарайтын балконы бар бөлме болғандықтан бұл ардагерге жатын бөлмені көргісі келетінін айтты. Көз астымен марқұмның әйелін бақылауда. Жатын бөлмені қарау туралы айтылғанда ол дір ете қалғандай болды, өңі сәл сұрлана түсті. Тергеуші мұның тегін емес екенін сөзді. Ақсақал келініне қарап: «Бөлмең жинаулы ма еді? Жігіттер қарай берсін бе?» – деді. Әйел басын ізеді, саусағын тістелегенімен онысы қолының дірілін баса алар емес.

Табалдырықта тұрып Бек жатын бөлмені шола қарап шықты. Кең бөлме, жатын төсек төрде. Қобырғалық киім жинағы мен төсек арасын көзбен өлшеді, үш метрден асар, ұзындығы төрт метрдей. «Сонда бұл жер төсенішсіз жатқан ба? Өткендегі кілем осы жердікі болмасын?» Оның санасына алғаш келген ой осы болды. «Марқұм қайтыс болғалы бөлме төсеніштері мен жиһаздар орнынан қозғалды ма, не алынып тасталғандары жоқ па?» деген мұның сұрағына әйел «Жоқ» деп қысқа жауап берді.

Криминалистер еске кірісті. Он бес жылдан аса осы салада қызмет еткен майор бөлменін

Биыл бесінші мәрте өткізілген Кемел Тоқаев атындағы республикалық детектив шығармалар байқауында I орынды Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты Алдажар Әбіловтің «Үтіктегі қан» туындысы иеленген еді. Өткен нөмірде басы жарияланған туындының жалғасын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

жақсы тазалаудан өткенін мәлімдеді.

– Мұны неге сүйене айтып тұрсыз?

– Әдетте терезе жақтауларында саусак іздері қалатын. Мұнда бірде-бір із қалмаған. Үй иелерінің саусак іздері де қалмауы осыны көрсетеді.

Бек бір сәт өзін жатын бөлмеге тосыннан кіріп келген жанын орнына қоя қарады. Мұның болжағанындай Токтаров көңілдесімен төсекте жатты десек, кіріп келгендер қандай әрекетке барады? Әрине, әйелдің күйеуін бас салары анық. Олай болса, марқұмның арқасындағы, ішіндегі тырнақ іздері әйелінікі. Ал, күйеу тұрды не әйеліне қол жұмсады делік, онда әйелдің ағасы қандай әрекетке барады? Сөз жоқ, ол күйеу баласына қол жұмсайды, қолына түскенмен ұруы мүмкін. Бек оң қол жақта киім үтіктеу үстелінің үстінде тұрған үтіккі көрді. Осымен ұруы мүмкін. Ол бірден шешім қабылдады, криминалистке үтіктің ішін ашып қарауды тапсырды. Әйелдің түрі өзгеріп кетті, жүрегі қысылғандай кейіп танытты. Бек бағыты дұрыс екенін ұқты. Жатын төсекті аударып қараған тұста олар мұнда да толық тазалау жүргенін сөзді. Бірақ, матрас тігісіне қыстырылып қалған тырнақтың сынығы тергеушіге «Іздегеніңді таптың» деп тұрғандай болды.

Әне-міне дегенше ашылған үтік ішінен көрінген қанға ұқсас жұғынды барлығын күрт өзгертті. Әйел боп-боз болып кетті.

Бек сол жерде марқұмның әйелінен жауап алмақ болды. «Оперативтік топ бар, күзлер бар, алса несі бар. Қайта, бұрылуға мұрша бермей, дәл осы кезде тергеу нәтиже берері анық», – деп ойлады ол. Осыны айтуы мұң екен әйел адвокатсыз жақ ашпайтынын айтты. Ардагер іс бағытын түсінген болар, келініне жіпренішіпен қарап: «Мен адвокат боламын. Лицензиям бар. Қайтыс болған менің балам. Мынау менің келінім. Жауабыңды ала бер», – деді.

Тергеуші іске кірісті. Бір сағатқа созылған тергеу нәтижесі Бектің күткеніндей болды. Алғаш «білмейміннен» басқаны айтпай отырған әйел кәсіпкер үйінен алынған бейнематериалмен, апа-жездесінің, жөнгесінің жауаптарын тыңдағаннан кейін бір уақ үнсіз отырды да, жылап жіберді. Әлде үтіктен табылған қан дағы әсер етті ме, әлде жан азабы шыдатпады ма, болған оқиғаны толық жайып салды.

Иә, сол күні ауданнан кештете шыққан олар қаннен-қаперсіз үйге кірген болатын. Жатын бөлмедегі ыңғайсыздау дыбыстар ағалы-қарындасты екеуіне іштей бұйрық бергендей болып, жүгіре жетті. Келсе... Ой, қасиетсіз – ой, күйеуі бір жас қызбен... Бұл бара күйеуінің арқасынан, ішінен тырнай тартты. Ол умаждап жатқан көңілдесі құшағынан шыға көзі қанталай әйелін маңдайдан қойып жіберген болатын. Осы сәт ағасы шыдамай, оң қол жағында тұрған үтікпен күйеуін бастан соқты. Ол оғаштау қисайып, сылқ ете қалды. Содан соң ағасы барды да күйеуінің көңілдеcін қылғандыра бастады. Осының барлығы көзді ашып-жұмғанша болды, бір дем алып қараса, екеуі де ана дүниеге аттанып кетіпті. Бұдан соң ағасының айтуымен жанталаса барлық із-

дерді өшірді, шашыраған қан дақтарын жуып алды, әйелді жатын бөлмедегі кілемге ораған ағасы, күйеуін көтеріп апарып, балконнан сыртқа тастап жіберді. Сосын кілемді арқалай машина жүк салғышына салып, Жиделісайға тартып кетті. Жолда толып ағып жатқан канал тұсында тоқтап, оралған кілемге сол төңіректен үлкен-үлкен екі тас байлап суға домалатып жіберді. Бұлар барса апасынкі жатып қалған екен.

Бек барлығын хаттамаға түсірді. Үйден шығып бара жатқанда ардагерге көзі түсіп кеткен тергеуші оның шөге түскенін байқады. Иә, бүгін оған аз салмақ түскен жоқ. Қария баласын кінәларын не келінін кінәларын білмей тұрғандай, көз нұры да бұрынғыдай емес, көмескілене қалған. Иә, Алла осындайыннан сактай ғөр!

Екі күннен соң дайын болған сараптама қорытындысы бойынша ләктелген тырнақ марқұмның әйелінікі екендігі, ондағы қан Токтаровтың қаны екендігі, бу шашатын тесіктері бар үтіктің ішкі бетіне жұққан қан да Токтаровқа тиесілі екендігі, көлікте түсіп қалған сақина марқұмның көңілдеcінікі екені нақтыланды. Арнайы топ әйелі айтқан межеден канал бойын сүзе, кілемге оралған әйел денесін тапты, мәйіт бұзыла бастапты.

*** Департамент басшысындағы кеңесте Бек Ізбасов іс жүргізілген сәттен бастап тергеу туралы барлығын толық баян етті. Кабинет іші тым-тырыс. Бастық та оқиғаның нәтижесі мынадай болып шыққанына сене алмай отырғандай. Бірақ, сенбейін десе, барлығы нақты, дәлелді, құжатталған. Аудио-видео жазбалар жазылуы, сол бойынша жұмыс жүргізу заңға сай. Енді не дейді. Бәрінен бұрын оқиғаға прокуратура мен сот қызметкерлерінің араласқанын қайтерсін?! Ел не дейді? Бұл бір адам мен адам, адам мен қоғам қатынасындағы күрделі мәселе емес пе?!

Орындық сықырлады, орнынан тұрған бастық: «Жігіттер! Жаксы жұмыс істелді. Қылмыс ашылды. Капитандар Ізбасов пен Дәулетовке және осы жұмысқа көмек берген жігіттерге департамент атынан алғыс айтамын» деп кеңесті қорытты.

Кейін сотта Бейсенбаев барлығын өз мойнына алды, қарындасы шартты жазаға кесілді. Бұл оқиға Бекке қатты әсер етті. «Неге бұлай болды? Кіна кімде, Токтаровтыкі азғындық, алайда соған бола өлтіру... Бірақ анадай жағдайда шыдау да оңай болмас... Асқа келмесе Бейсенбаев бұл оқиғадан сырт қалар еді ғой... кім білген... Негізгі бұл дандайсу, менмендік пен масығудан болар... Әйелі де сұлу, бәденді жан, екі баласы бар... Не дерің бар?! Тез әрекет еткеніміз мұндай жаксы болар ма?... Үтіктің ішін сол жерде аштырғанмын қандай оңды болды... Ондағы қанды көрмесе әйелдің мойындауы да оңай емес-ау. Апыр-ай, осы біз қайда барамыз?!». Көз алдына Мардан бейнесі елестеткендей, бейне «Алланың қаһары, Алланың жазасы осылай болады. Біреуге жасалған қиянат айналып келіп иесін табады» деп тұрғандай...

Алдажар ӘБІЛОВ
(Соңы. Басы өткен санда)

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

Табиғат қорғау заңнамаларын бұзған

Облыс көлемінде «Браконьер» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде. Мақсат – табиғат қорғау заңнамасын бұзғандарды, биологиялық ресурстар объектілері мен өнімдерін заңсыз айналымға салғандарды анықтау және жолын кесу, экологиялық қылмыстарды ашу.

Полицейлер 17 күнде табиғат қорғау заңнамаларын бұзудың 125 дерегін тіркеді. Оның ішінде жануарлар дүниесін пайдалану талаптарын және аң аулау қағидаларын бұзудың 89 дерегі анықталған.

Мысалы, полиция қызметкерлері Қармакшы ауданында далалық жерде «УАЗ» автокөлігін тоқтатқан. Тексеру барысында автокөліктің жүк-салғышынан жарық шам, бір ұңғылы, 16-калибрлі екі аңшы мылтығы және

жабайы жануарлардың өлі денелері табылған. Күдікті ретінде үш азамат ұсталды. Оған ҚР ҚК-нің 337-бабы 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.

Сондай-ақ балық аулау, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау қағидаларын бұзудың 26 дерегі тіркелген. Жеке және заңды тұлғалардың қаруды заңсыз иеленіп алуы, беруі, өткізуі, сақтауы, алып жүруі, тасымалдауы бойынша да әкімшілік хаттама толтырылып, сотқа жолданған.

Заңсыз қару тәркіленді

Полицейлер «Құқықтық тәртіп» жедел-профилактикалық іс-шарасы кезінде 42 жастағы күдікті азаматты тоқтатқан. Оған Қызылорда қаласы полиция басқармасының ұчаскелік полиция қызметкері, полиция капитаны Ақжігіт Бақтияр бағыт аралау барысында кездескен.

Тексеру барысында ол өзімен бірге құжатты жөк ішкі істер органдарында тіркелмеген ИЖ-16 маркалы, нөмірі жоқ, бір ұңғылы, 16-калибрлі аңшы мылтығын заңсыз алып жүргені анықталды. Қару заттай дәлелдеме ретінде алынды.

Құжатсыз қару қолданғаны үшін ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 482-бабы 1-бөлігімен әкімшілік хаттама толтырылды.

3 млн 600 мың теңге ақша ұрлаған

Қызылорда қаласы полиция басқармасының кезекші бөліміне кафе иесі ұрлық бойынша арыз түсірген. Белгісіз біреу қызметтік кабинетіндегі сейфтен 3 млн 600 мың теңге ақшасын ұрлап кеткен.

Баскарманың криминалдық полиция бөлімі қызметкерлерінің жедел-іздістіру жұмыстарының нәтижесінде 34 жастағы күдікті, осы мекеменің бас аспазы анықталып, ұсталды.

Аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 188-бабы 3-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде. Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды.

Алаяқ алдан соқты

Қызылорда қаласы полиция басқармасының кезекші бөліміне қала тұрғыны арызdanған. Айтуынша, 2022 жылдың сәуір айында белгісіз азаматша, «қала аудандарының бірінде пәтер алуға көмектесемін» деп сеніміне кіріп, 500 мың теңге қаражатын алып, осы күнге дейін алдан келген.

Баскарманың криминалдық полиция қызметкерлерінің жедел-іздістіру шаралары нәтижесінде күдікті ретінде бұрын сотты болған, 49 жастағы қала тұрғыны анықталып, ұсталды. Аталған дерек бойынша ҚР ҚК 190-бабы 3-бөлігімен («Алаяқтық») сотқа дейінгі

тергеп-тексеру жүргізілуде. Күдіктіге қатысты қарауға алу түріндегі құлартпау шамауға қалды.

Жылқы табылды

Қызылорда қаласы полиция басқармасының «Ақсай» полиция бөліміне қала тұрғыны малы ұрланғанын айтып арызdanған. Анықталғандай, қала шетінде орналасқан мал базарда байлаулы тұрған жылқысы ұрланған.

Жедел іздістіру іс-шаралары нәтижесінде 36 жастағы азамат анықталып, ұсталды. Аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 188-1-бабы 1-бөлігі 3-тармағымен қылмыстық іс қозғалып, оқиғаның мән-жайы анықталуда. Өз кезегінде малын ұрлатқан тұрғын полиция қызметіне шынайы ризашылығын білдірді.

Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»



Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері Қызылорда қаласының құрметті азаматы Бақытбек Алпысбайұлы мен өмірлік жары, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кәмила Әбжанованың киелі сахна төрінде өнер көрсетіп келе жатқанына 55 жыл толуына арналған «Театр – өмір, байрақ, бақытым!» атты шығармашылық кеші өтті. Салтанатты кешке облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов қатысып, аймақ басшысының арнайы құттықтауын жеткізіп, өнер иелеріне дәстүрге сай құрмет көрсетті.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Өнері өмірімен ұштасқан



– Сыр елі – жыр елі талай біртуар таланттарды өмірге әкелген қасиетті өңір. Шын мәнінде киелі сахнада нағыз хас шеберлер, тума таланттар ғана көрермен жүрегіне жол тауып, өмір өрнектерін өнер арқылы сомдай алады. Сондықтан сахнаның жолы бір бөлек. Осы тұрғыдан айтқанда, өмірде де, өнерде бірге жүрген, оның ішінде шығармашылық жолына 55 жыл ғұмырын арнап, 250-ден астам рольді сомдаған театр артистері – Бақытбек Алпысбайұлы мен өмірлік жары Кәмила Әбжанованың еңбегі ерекше құрметке лайық! Туған жерге туын тігіп, ел руханиятына елеулі еңбек еткен олардың шығармашылықтағы жалқы болмысы, жарасымды ғұмыры жас актерларға үлгі-өнеге, – деді Нұрымбет Аманұлы.

Мерекелік кештің қонағы, ұлт руханиятының абызы, Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО және Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, Қазақстан Театрлар ассоциациясының президенті және М.Әуезов атындағы Қазақ Ұлттық драма театрының көркемдік жетекшісі Асанәлі Әшімұлы мерейтой иелерінің қазақ театры тарихындағы өзіндік орны бар екенін айта келіп, осынау жарты ғасырдан астам уақыт бедерінде ел руханиятының дамуына өлшеусіз үлес қосқанын атап өтті. Мерейтойға арнайы келген Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, жазушы, драматург Жолтай Әлмашұлы және Т.Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық қазақ драма театрының актері, Мәдениет қайраткері М.Бақытжанов, Маңғыстаудан келген Мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері

Н.Мұханұлы, Шымкент қалалық Ж.Шанин атындағы қазақ академиялық драма театрының көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Б.Құрманғожаев және театр директорының орынбасары Т.Ахметов, Қызылорда қалалық жастар театрының көркемдік жетекшісі, Мәдениет қайраткері О.Нұрмаханов өнер айдынында қатар жүзген театр артистеріне толайым тілектерін білдіріп, сыйсияпаттарын табыстады.

Айта кетейік, жазушы, драматург Жолтай Әлмашұлы өнер иелерінің өмірін арқау еткен «Бақыт вальсы» деп аталатын жаңа пьесасын тарту етті. Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының сахнасында 55 жыл қатар еңбек етіп келе жатқан «Құрмет» орденінің иегері Бақытбек Алпысбайұлы мен өмірлік жары, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кәмила Әбжанова сомдаған сан алуан рольдерден үзінді қойып, олар ойнаған кейіпкерлерді қайта еске салған әріптестерінің сахналық қойылымы ерекше әсерлі болды. Сондай-ақ, өзге өмірлердегі өнер өкілдері мерейтой иелеріне видео-құттықтау жолдап, ізгі ниеттерін білдіріп жатты.

Тағы бір жағымды жаңалық, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері Бақытбек Алпысбайұлы таяуда Астана қаласында өткен «TEATRALL» театр фестивалінің арнайы жүлдесі – «Театр өнерін дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясымен және Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының ұжымы фестивальға қатысқаны үшін марапатталды.


Жас жыршылар байқауы

А.Тоқмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде Сыр сулейлерінің мінежат жырларын жаңғырту мақсатында «Терме – тәрбие тұмасы» атты аймақтық жыршы-термешілер байқауы өтті. Іс-шараға облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов қатысты.

Ұлттық тәрбие мен халықтық өнерді насихаттауға бағытталған іс-шараның мақсаты – жыршылық, термешілік өнерге жаңаша серпін беру және әдеби тілді дамытуға, тіл мәдениетін жетілдіруге үлес қосу.

Бұл байқау дәстүрлі қалпын сақтап, биыл екінші мәрте ұйымдастырылды. Сыр сахнасында қазақ ақындарының бай мұрасы, өзгеше жанр саналатын мінежат жырлар жаңғырды.

Байқауға 30 жасқа дейінгі 16 талапкер қатысты. Олар 2 кезең бойынша бақ сынады. Бірінші кезеңде мінежат жырлар орындалса, екінші кезеңде әр талапкер Базар жырау мен Тұрмағамбет



Ізтілеуулының шығармалары арқылы көркем сөзден маржан тізіп, жүйрік ойдан жыр тоқыды.

Көмейінен жыр төгілген өнерпаздардың өнеріне жырау, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Алмас Алматы, облыстық филармонияның «Дәстүрлі орындаушылар» ансамблінің көркемдік жетекшісі Амандық Қуандықұлы, Арал аудандық мәдениет орталығының жыр-

терме үйірмесінің жетекшісі Айбек Тәнірбергенов және Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағы облыстық филиалының төрағасы Нұрмат Мансұр қазылық етті.

Кешке жиналған көрермендер өнеге мен өсиетке толы термелерді тұшына тындап, жыр жаппоздарының өнеріне сүйсіне қол соқты. Өнерпаздар арасынан оқ бойы

оза шапқан қызылордалық Жәнібек Жақсан бас жүлдені еншіледі. Жүлделі 1-орынды Қуаныш Алғазиев иеленсе, 2-орын Өмірзақ Жанболатқа бұйырды. Ал 3-орынға Мұхамедәлі Бекпейісов, Нұрай Өркенбекқызы және Руслан Өтегенов лайық деп танылды.

Барлық қатысушылар Алғыс хатпен және арнайы сыйлықтармен марапатталды.

«СБ» ақпарат



Байрақты бәсекедегі жаңа белес

1 қарашада Иордания астанасы Амманда әуесқой бокстан Азия чемпионаты байрағын желбіретті. Сары құрлықтың маркақшаларын жинаған біріншілікке ел боксшының қазіргі мықтылары аттанды. 13 күнге созылған додада ерлер 13, әйелдер 12 салмақ дәрежесінде күш сынасты. Халықаралық бокс қауымдастығының ақпаратына сүйенсек, чемпионатқа 30-дан астам елден барлығы 320 боксшы тіркелген. Оның 211-і ер, 109-ы әйел. Ал 320 боксшының 25-і – Қазақстан құрамасының өкілдері.

Естеріңізде болса, былтыр Біріккен Араб Әмірліктерінде өткен Азия чемпионаты біздің жігіттер үшін өте сәтсіз аяқталды. 49 келіде Данияр Сәбит, 69 келіде Абылайхан Жүсіпов, 75 келіде Әбілхан Аманқұл, 91 келіде Василий Левит және аса ауыр салмақта Қамшыбек Қоңқабаев күмісті қанағат тұтқан. Сондай-ақ, 52 келіде Сәкен Бибосынов қолаға қол жеткізген. Алтынсыз қалдық. Ал бұл қазақ боксшының деңгейін көрсеткендей еді. 6 алтын еншілеген өзбектерде есеміз кетті. Сол сәтте 6 күміс пен қоламыз түкке тұрғысыз көрінгені рас. Тіпті, жалпыкомандалық есепте үздік үштікке де кіре алмадық.

Сол сәбепті биыл бас бапкер Қайрат Сәтжановқа артылған жауапкершілік өте зор еді. Құрамды іріктеуде де ешкім кедергі болмады. Алам деген боксшыларын алып, қосам деген жігіттерді қосты. Жарыс алаңында бас бапкер дайындықтың жоғары деңгейде екенін және биыл көш бастайтынын айтып, елді серпілтіп қойды. Сөйтіп, Иорданияның бас шаһарына аттанған. Бір қызығы, 13 салмақтың бесеуінде Азия жұрты басты қарсыласымыз қазақ-өзбек текетіресін тамашалады. Оның қатарында кәсіпқой боксқа барып қайтқан сырбойылық Қамшыбек Қоңқабаев та бар.

Иә, Токио олимпиадасының қола жүлдегері, Әлем чемпионатында екі мәрте күміс алған Қамшыбекке үлкен сенім артылды. Абырой болғанда жерлесіміз үмітті ақтап, қарсыластарын бірінен соң бірін сұлатып, жарытпай финалға жолдама алды. Оңтүстіккореялық До Хьен Кимді жарыс жолынан шығарған жерлесіміз жартылай финалда әлдеқайда тәжірибелі, талай дода-ларда ысылған тәжікстандық Мухаммад Абборидиновпен қолғап түйістірді. Қарсыласының ұзын

болғанына қарамастан, Қамшыбек алғашқы раундтарда-ақ дәл шабуылдап, өзінің шеберлігі басымы екенін анық аңғартты. Тіпті соңғы раундта қарсыласын өзіне ыңғайлы қашықтыққа ұстап, дәл соққылар жасай білді. Осыдан соң қазақстандық боксшының жеңгеніне төрешілер де еш күмән келтірген жоқ. Төрешілер есебі – 5:0. Қамшыбектің пайдасына шешілді.

Ал финалда 92 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Қоңқабаев Өзбекстанның боксшысы Лазизбек Муллажоновпен алтын жүлдені өзара сарапқа салды. Алайда жерлесіміз күтпеген жерде өзбекстандық жас боксшыдан жеңіліп қалды. Азия чемпионатына тыңғылықты дайындалып келген өзбек боксшысы тактикалық та, техникалық та тұрғыдан басым болып, Сары құрлықтың бас жүлдесін айқын басымдықпен жеңіп алды. Әр раундты жіті бақылап отырған төрешілердің бірауыздан қабылдаған шешімімен, яғни, 5:0 есебімен өзбек спортшысы жеңіске жетті. Осылайша, Қамшыбек Қоңқабаев Азия чемпионатындағы төртінші күміс жүлдесін еншіледі.

Орайы келгенде айта кетейік, ерлер арасындағы жалпыкомандалық есепте 5 алтын, 2 күміс, 3 қола жеңіп алған Өзбекстан құрамасы көш бастаса, Қазақстан (3 алтын, 6 күміс және 3 қола) II орынға ие болды. Үздік үштікті жарыс қожайыны Иордания (2 алтын, 2 күміс, 1 қола) түйіндеді. Айтпақшы, бұл жарыста қыздар құрамасы да жалпыкомандалық есепте Үндістаннан кейінгі екінші орынға жайғасты. Шәміл Сафиұлин жаттықтыратын ұлттық құрама 3 алтын, 1 күміс, 5 қола медаль жеңіп алды.

Ал, жалпыкомандалық есепте Қазақстан бірінші орында.

13 қарашада АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында орналасқан Palms Casino Resort көшенінде «Қазақ стилі» лақап атымен танымал қазақтың кәсіпқой боксшысы Жәнібек Әлімханұлы орта салмақтағы WBO нұсқасы бойынша Әлем чемпионы атағын қорғады. Ол бұл жолы британиялық Дензел Бентлимен жұдырық түйістірді.

Атақ қорғалды. Алайда...



Бұған дейін WBO нұсқасының басты қаһарманы саналып келген америкалық Андраде Деметриустің басқа салмаққа ауысуына орай тамыз айында алтын белбеуі Әлімханұлына ресми түрде табыс етілген еді. Ал сол атакты қорғау үшін 27 жастағы Ұлыбритания өкілі таңдалған.

Оның да себебі жоқ емес. Өйткені кәсіпқой боксты серік еткеніне небәрі бес жыл өтсе де Лондон тұмасы 19 кездесу өткізіп, 17 рет жеңіске жеткен қарымды боксшы. Ол 14 қарсыласын бет қаратпай ұтып, нокаутқа жіберген. Тіпті, екі дүркін Ұлыбритания чемпионы атаған. Ал Жәнібектің жүріп өткен жолы көпке белгілі. Ол әуесқой бокста да біраз белесті бағындырды. Сөзіміз құрғақ болмасын, осы тұста дәлел келтіре кетейік. Ол Азия және Әлем чемпионы атанып, Азия ойындарында топ жарды. Рио Олимпиадасында да ширек финалға жетіп, өзінің мықтылығын тағы бір мәрте дәлелдеген болатын. 2016 жылдан бері кәсіпқойлар арасында бақ сынаған ол 12 кездесу өткізіп, қарсыластарын ойсырата жеңген. 8 қарсыласын нокаутқа жіберген.

Қош. Енді бокс кешіне ойысалық. Жекпе-жектің басынан ағына дейін Жәнібектің басымдығы байқалып тұрды. Бірінші раундта отандасымыз Әлем чемпионы атағы кімге тиесілі екенін анық аңғартқысы келді. Себебі алғашқы үш минутта жерлесіміз жекпе-жек барысын өз қолына алып, ринг ортасын иемденді. Ал екінші раундты қос боксшы да белсенді бастады. Сол раундта Әлімханұлы қарсыластын осал тұсын анып, дәл соққылар жасады. Британ өкілі де арагдік жұдырық жұмсап үлгергенмен, айтарлықтай дарыта алмады. Үшінші және төртінші

раунд та Жәнібектің айқын басымдығымен өтті. Өйткені Бентлиді бұрышқа тақап, төрт-бес соққыдан құралған әдемі комбинация жасады. Ал қарсылас қорғануымен ғана жүрді. Осылайша, отандасымыз қарсыласын біраз қыспаққа алды. Ал одан кейінгі екі-үш раундта керісінше қарсылас соққыларын жиі дарытты. Ал Жәнібек тек қарымта шабуылымен ғана шектеліп жүрді. Соңғы екі раундта отандасымыз әжептәуір соққылар жасады. Бірақ нокаундға не нокаутқа түсіре алмады. Сонымен бокс кеші 12 раундқа дейін созылды. Сонында төрешілердің бірауыздан қабылданған шешімімен Жәнібек басымдыққа ие болды. Осылайша, қазақ боксшысы WBO тұжырымы бойынша Әлем чемпионы атағын сақтап қалды. Еске салайық, бұл оның 13-жекпе-жегіндегі 13-жеңісі.

– Бұл – бокс. Әрине, бұл араға спортшылар мықты дайындықпен келеді. Қарсыласым да өте жақсы дайындалып келіпті. Алайда, бүгінгі кеште басым түстім. Бұл менің алғашқы 12-раундым. Бүгінгі аяқас әлі де үйренетін нәрселерім барын көрсетті, – деді Жәнібек бокс кешінен соң. Иә, бұл сөзінің жаны бар. Өйткені «Қазақ стилі» Геннадий Головкин мен мексикалық Сауль Альварестің трилогиясынан соң «Канелода» кеткен есені қайтарамын деген болатын. Ал біздіңше, ондай алыптармен жұдырықтасып, жеңіске жету үшін Бентли сияқты жас жігіттерді «шайнамай жұтуы» керек еді.

Несін жасырайық, Жәнібекке біраз еңбек керек. Құр сөз қалқан емес!

Дайындаған
Актілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

«Сыр бойын» ақпараттық агентігінен де (сайттан) оқыңыз



www.syrboyi.kz

ЖАРНАМА
БӨЛІМІ

70-00-52

E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар жететін түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің тарапалымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.